

**ШЖҚ «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» МКК ұжымының
жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ
№3**

Атакент к.

05.07.2024 жыл

Жиналыс төрағасы: Куракбаева Сауле Жумановна – Басшы орынбасары.

Хатшы: Есенбеков Кожамет Айтуганович – заңгер.

Жиналысқа қатысқандар: ШЖҚ МКК «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасының ұжымы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

ШЖҚ «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» МКК ұжымының қызметкерлерінің қатысуымен

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республика Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы
(*Қазақстан Республика Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығы*)

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі

(*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 V ҚРЗ*)-де көрсетілген жауапкершіліктер туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөнінде баяндама жасау.

Басшы орынбасары С.Ж. Куракбаева: Күн тәртібінде бекітілген мәселе бойынша баяндама жасау үшін заңгер К. Есенбековке сөз берді.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республика Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі туралы жұмыс беруші және қызметкер екі жақты жауапкершілікпен қару керек екенін мәлімдеді.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылыққа жол бергендерге қылмыстық жазалар қарастырылған. Атап айтқанда, ҚР Қылмыстық Кодексінің 336 – шы бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның, не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіліктеріне кіретін болса не ол

лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы, мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі соммасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сонымен қатар Қылмыстық Кодекстің 367 –ші бабына сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға немесе оған теңестірілген адамға жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі соммасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады және ҚР Қылмыстық Кодексінің 368 –ші бабына сәйкес, парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал ету – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі соммасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жалпы жиналыс бойынша қорытынды:

- 1 Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республика Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республика Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 жарлығы)
- 2 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 V ҚРЗ)-де талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жалғастыру.

Жиналыс төрайымы _____



С.Ж. Куракбаева

Хатшы: _____



К. Есенбеков